

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 4, Number 302 (2015), 209 – 239

UDK 94 (574) 902.2

**THE CULT OF THE SHEEP IN THE TRADITIONAL WORLDVIEW  
AND BELIEFS OF THE KAZAKHS (MATERIALS OF ARCHEOLOGY  
AND ETHNOGRAPHY)**

**Kartaeva T.E., Oralbay Y.**

al-Farabi Kazakh National University, Almaty.

kartaeva07@mail.ru, oralbai79@mail.ru

**Key words.** The cult of the sheep, worldview, totem of an animal, ornament in the form of horn (qoshqarmuyiz).

**Abstract.** The cult of the sheep plays an important role in the life and worldview of the Kazakhs and many Turkic tribes as a totem animal. Numerous sculptural images of the sheep depicted in the ancient Kazakh stone tombstones (qoitas, qoshqartas) and clay objects with the elements of sheep were found in archeological excavations. The image of sheep in the rock engravings (petroglyphs) indicates its ancient roots, its link with the ancient religions. The handles of the ceramic jugs and mugs of ancient culture are often pictured with zoomorphic images in the form of a sheep's head. The cult of the sheep was connected with the specific conditions of life, traditions, husbandry of ancient tribes as Saks, Kangus, Medieval Oguz and Kipchaks. The cultic significance of the sheep is explained by its sacred relationship with the idea of the human soul, with moments of transformation. It suggests that the cult of animals was connected with the ancient pre-Islamic beliefs that deify the different forces and phenomena of nature widespread among many people of the ancient East.

The sheep served not only as a sacrificial animal, but also a talisman for Turkic people. They were used in traditional magic rituals of the Kazakhs and Kyrgyz. There were interesting Kazakh customs, superstitions and legends connected with the miraculous peculiarities of some bones of domestic animals. The Kazakh winter houses, yurts (nomads tents) and cattle-pens were hung an elbow bone (kari zhilik) of the sheep, as well as on the neck of camels which, according to legend, protected the animals from wolves and thieves. Such idea is still preserved among Kazakhs of lower currents of Syrdarya, Ustyurt and Mangistau. Sheep blades were used to predict the future. The images of the sheep in the form of a horn (qoshqarmuyiz) are encountered in the ornamentation in the carpeting, felts, embroideries, it symbolizes wealth and fertility.

УДК 94 (574) 902.2

**ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ДУНИЕТАНЫМЫ МЕН  
СЕҢІМІНДЕГІ ҚОЙ ЖӘНЕ ҚОШҚАР КУЛЬТІ (АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ  
ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША)**

**Картаева Т.Е., Оралбай Е.**

kartaeva07@mail.ru, oralbai79@mail.ru

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

**Кітт сөздер.** Кошқар және қой культі, дүниетаным, жануарлар тотемі, қошқармуйіз оюы.

**Түйіндеме.** Қой және қошқар культі тотемдік жануар ретінде қазақ халқы мен көптеген түркі халықтарының өмірі мен дүниетанымында маңызды роль аткарады. Археологиялық қазба жұмыстарынан табылған қыштан жасалған қошқар, қой бейнелерін салған бүйімдар, петроглифтердегі қой, қошқар бейнелері, қабір үстіндегі тастан қашалған қой мен қошқардың тасмұсіндер (қойтастар мен қошқартастар) оның архайкалық көне діндермен байланысын және оның өте ерте кезден қалыптасқанын дәлелдейді. Ерте

мәдениеттерге саятын қыши-құмыралар мен ыдыстардың тұтқалары мен ернеулерінде қой, қошқар бейнелері көптең кездеседі. Қой, қошқар күлті – сактар, қаңлылар, ортағасырылғы оғыздар мен қыпшақтар сияқты ерте тайпалардың ертедегі сенімдерімен, өмірлерімен, мәдениетімен, шаруашылығымен, ғұрыптарымен байланысты. Қой мен қошқардың күлтік маңызы адам жаңымен, өркендеу идеясымен сакральды байланысты болып табылады. Жан-жануарлар күлті исламға дейінгі көне діндермен. Ежелгі Шығыс халықтарының арасында кең тараған табиғат мінажатымен, әртүрлі билеуші тылсым күштермен байланысты дамыған.

Қошқар көптеген түркі халықтарында құрбандық малығана емес, оның тұмар ретіндегі маңызы да жоғары. Қой мен қошқар қазактар мен қыргыздардың магиялық ритуалында және халықтық білімінде көнінен қолданылады. Қазактар арасында үй жануарларының сүйектерімен байланысты ғұрыптар, сенімдер мен аңыздар тараған. Қазактар киіз үй мен қыстық баспаналарына, мал қорага, түйенің мойнына, ұрылар мен қасқырдан қорғану үшін қойдың кәрі жілігін ілген. Осы сенім қазіргі кезеңде Маңғыстау, Үстірт, Сырдария қазактары арасында кең сакталған. Қойдың жауырынына қарап болашакты болжаған. Ал, қошқармұйыз оюы киіз, кілем, тоқыма, басқа да қолөнер бұйымдарына байлық пен молшылықтың белгісі ретінде салынады.

### Кіріспе

Қазақ халқының тотемдік танымында бөріден кейін түрлі жыртқыш аңдар мен төрт түлік ерекше маңызға ие. Жалпы хайуанаттар туралы тотемдік түсінік пен наным-сенімдер тас дәүіріндегі аңшылық кәсібімен бірге қалыптасып, одан әрі бақташылықпен бірге дамыған. Себебі аңшылық адамзаттың мал шаруашылығынан бұрын айналысқан кәсібі. Ерте замандарда кейбір жыртқыш аңдар қолда қаруы жоқ адамдарға қауіп төндірген болса, жуас хайуандар ертедегі адамдарға дайын азық, киер киім болған. Сонымен бірге адамдар олардың сүйегінен, мүйізінен, тісінен тұрмысқа қажетті түрлі құрал-саймандар жасайтын болды. Бұл жағдай кейін келе оларды хайуанаттарға табынуға мәжбурледі. Олар осы арқылы, біріншіден, жыртқыш аңдардан жамандық келмеуін, өздерін зақымдамаудың тілесе, екіншіден, жуас хайуандардың өздерінің тіршілігіне қажетті көмек, сүйеу бола беруін тіледі. Халық өмірінде мұның айқын ізі ауыз әдебиеті туындыларынан, салт-дәстүрден, наным-сенімдер жүйесінен көрінеді. Түркі текстес халықтар да ерте замандардан төрт түлік мал мен азулы аңдарды, жануарларды, құстарды киелі санаған.

### Мәселенің әдістемесі

Жан-жануарлар күлті тақырыбы пән аралас ғылымдардың тоғысында (археология, этнография, тарихи топонимика, тарихи ономастика, тарихи география) өзінің толық мөнісін ашатын тақырып. Тақырыптың ғылыми аппараты үш бағыт негізінде жасақталады, бірінші тікелей тақырыпқа қатысты, екінші тақырыпқа жанама қатысты, үшінші тақырыпты салыстырмалы деңгейде қарастырылады. Байыргы тайпалар мен қазақ халқының дүниестанымы мен сенімдерін ғылыми практикалық қырынан игерудің отандық археология ғылымы үшін де, этнология ғылымы үшін де маңызды зор. Тақырыпты талдау барысында тақырыптың жүйелілік, археология мен этнография ғылымдарының пәнаралық байланыстырылғы принципі сақталды. Біз қарастырып отырған тақырыптағы жан-жануарлар, үй малдарына қатысты күлттер, адам мен табиғаттың байланысы мәселелерін бір-бірімен сабактастыра бір тарихи хронологияның шенберінде қарастыру және оны қорытып тұжырымдау арқылы мәселенің түйінін беру тарихи үдерістегі құрделі методологиялық ұстаным болып табылады. Қазақ халқының исламға дейінгі реликтері көрші халықтармен және түркі халықтарымен салыстырмалы тұрғыда қарастырылды. Археологиялық экспедиция материалдарының ғылыми интерпретациясын далалық этнографиялық экспедициялық материалдармен, информаторлық деректермен толықтыру пәнаралық байланысты ашатын ғылыми әдістеме болып табылады.


### Петроглифтердегі қошқар бейнелері

Қазақ жеріндегі Арпаөзен, Саусықандық (Қаратая), Хантау, Құлжабасы, Танбалы (Шу-Іле тауалары), Ешкіөлмес, Баянжүрек (Жонғар Алатауы) петроглифтерінде жойылып кеткен мүйізді қабан, арыстан, жолбарыстың кей түрлерімен қатар, барыс, бұғы, таутеке, тауешкі, қабан, жылқы, жабайы есек, киік, қасқыр, түйе, өгіз, қошқар, қой, ешкі, жылан, құстар, ит бейнелері және мифтік аңдар шеку, қыру, безеу техникаларымен қашалған. Бұл ескерткіштер байыргы тұрғындардың өмір тіршілігімен байланыстыратын баға жетпес мұралар. Аталған петроглифтердегі қой, қошқар археотипі 3000 жыл бұрын кезеңнен бүгінгі күнге дейін қазақ халқының мәдени өмірі мен

менталитетінде маңызды символдық роль атқарғандығын көрсетеді. Баянжүрек тауынан шығысқа қарай 20 км жерде Таасбас кешеніндегі мәдени ландшафта, шамамен қола дәуірінің соны мен ерте темір дәуіріне саятын (б.э.д. 1 мыңжылдықтың бірінші жартысы) граниттен қашалған стильденген қойтастар (қойдың тас мұсіндері) сақталған [38, с.53-55,-137; Сурет – 1-3]. Таас обаның біріндегі тас қоршау қошқармұйіздің бейнесінде қойылған (Сурет 4). Таасбастағы алып қойтастар петроглифтердің горельев, прото-мұсін, геоглиф сияқты өте сирек түріне жатады және олар табиғаттан түзілген граниттің үстінен қашалған байырғы шеберлердің колективті жұмысының нәтижесі [38, с.139-143].




Сурет 1 – Таасбастағы қойтас [38].



Сурет 2 – Таасбастағы қойтас [38].



Сурет 3 – Тасбастагы қойтас [38].



Сурет 4 – Тасбастагы қошқармұйіз оба [38].

Орта қола дәуіріне саятын Өзбекстандағы Сарымышсай петроглифінде қой басты мифологиялық адам бейнесінің басы күн шенбері образымен астасып жатса, басынан жоғары қарай тартылған екі антена көк Тәнірімен байланыстыратын жол секілді (Сурет 5).



Сурет 5 – Сарымышсайдағы қой басты адам. Өзбекстан.

Дегенменде қола, темір дәуірі петроглифтерінде нақты қой бейнесіне қарағанда, арқар, таутеке, тауешкі образдары басым. Кейде олардың бейнесін бір-бірінен айырып алу қынға соғады. Мысалы, сауын ешкісінің мүйізінің қайырыла бітуі тау ешкісі обрасымен астасып жатыр (Сурет 6).



Сурет 6 – а) Сауын ешкісі. Ешкілмес; ә) Тауешкілер. Шығыс Қазақстан [38].

### Ерте түркілік тайпалар дүниетанымындағы қой, қошқар күльті

Ертедегі тайпалардың қой, қошқар күлтіне қатысты сенімдерінің алғашқы іздері андроновтықтардың қорған, обалары мен қоныстарында да сақталған. Үй малдарының сүйектерінің мол қоры андроновтықтардың егін шаруашылығына қарағанда мал шаруашылығымен басым айналысқанын дәлелдейді [47, с. 115]. Шығыс Қазақстандағы андроновтық мәдениетке саятын қоныстардан табылған қой жүнінен жасалған тоқыма бұйымдарының қалдықтары мен қой сүйектері, асықтар жиынтығы қой малының ертеден халық тұрмысында тіршілік қамы жүйесін қамтуда маңызды роль атқарғандығын, жесе тамақ, кисе киім болып келгендігін дәлелдейді. 1948-1956 жылдары КСРОФА археологиялық экспедициясы кезінде Андроновтық Қанай қонысынан 17, Уст Нарым қонысынан 32, Алексеевск қонысынан 50 ден астам қой асығы табылған [47, с.29, - 64-65]. Дегенменде қой, қошқарға қатысты күлттік ескерткіштердің негізгі дені темір дәуірінің тұрғындары сақ тайпаларының діни күлттік ескерткіштеріне сайды. Сырдарияның ескі арнасы Іңкардария бойындағы Ұйғарақ қоныстары мен Жетіасар мәдениеті ескерткіштерінің байырғы тайпалардың қой, қошқар күлтіне қатысты берер деректері мол. Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойында б.э.д. 7 – 5 ғасырлар аралығына саятын сақ, массагеттердің қоныс қорғандарының негізгі дені шоғырланған. Сақ, массагеттердің саяси-әкімшілік орталығы Шірік Рабат пен Бәбіш моланың Сырдарияның төменгі ағысы бойында орналасуын негізге алсақ, сақтардың қорғандарының бұл жерде тығыз шоғырлануы таң қалдырымайды. Сыр өнірлік сақ қорғандарының сипатына адам мурдесімен бірге қой сүйектерін қоса жерлеу тән. Мысалы, №16 қорғанда құйымшақ, 35 қорғанда 241 асық, №36 қорғанда омыртқа мен 5 асық, № 41 қорғанда 2 асық, №57 қорғанда қойдың бас сүйегі жерленген [14, с.17, -31, -35, -45]. Қой сүйектерін адам денесімен бірге жерлеген қорым, обалар Қазақстанның көптеген өнірлерінен табылған. Үстірттегі Басқұдық 1 қорымындағы оғыз-қыпшақ кезеңіне саятын ортағасырлық түркілік қорымынан жауынгер мурдесімен бірге жерленген асықтардың табылуы сақ дәуіріндегі о дүниелік өмірге сенімнің күлттік жалғасы екенін дәлелдейді [39, с.273].



Сурет 7 - Жерленген асықтар. Басқұдық 1 қорымы [39, с.273].

Алтайдағы Пазырық қорғандарынан омыртқа, құйымшақ сүйектерімен қатар қой еті мен құйрық майының қалдықтары табылған. Адам денесімен бірге жерленген омыртқа мен құйымшақтар Волга өзені бойындағы және Дағыстандағы түркі қорғандарынан да табылған [15, с.52-53; 16, с.6; 5, с.538]. Қазіргі Ресейдің Алтай өнірі байырғы түріктердің мекені екені тарихтан

белгілі. Алтайдың Бийск қаласы маңындағы және Кемерев облысындағы б.э. 9-11 ғасырларына саятын ерте түркілік кезеңің қорғандары сақталған. Бұл жердегі қорғандардан да адам сүйегімен бірге жерленген қой құйымшақтары табылған [21, с.51-53; 28, с.538]. Қой сүйектері қоса жерленген обалар мен қорымдар қазақ жерінің барлық өнірінде кездеседі.

Есік қорғанынан табылған сақ ханзадасы (тиграхауд сақ) Алтын адамның шошак берікті бас киімінің өн бойына қанатты және мүйізді мифологиялық ат, барыс, бұғы, ал ұшар басына қойдың алтын мүсіні орнатылған. Батыс Қазақстаннан табылған «Алтын адамның» сөукеле типіндегі бас киімінің ұшар басына таутекенің алтын мүсіні орнатылған. Қой мүсінің бас киімінің ұшар басына орнатылуының семантикасынан басқа зооморфтық бейнелердің арасында шешуші роль атқарып тұрғандаі. Бұл мүсіндер аса жоғары эстетикалық талғаммен жасалған. Зооморфтық бейнелердің діни-идеологиялық мазмұны күн құдайы мен тайпалық тотемнің арасындағы байланысты көрсетеді, ал қорғаның көлемі, алтындалған киіммен жерлеу жоғары әлеуметтік статусын айғақтайды [6, с. 116; 2].


Сырдарияның тәменгі ағысы бойындағы Ұйғарал қорымындағы №66 қорғаннан табылған сақ белдіктеріндегі қой, қошқар құймалар, сақтардың қолданбалы сәндік-өнерінде қой мен қошқар бейнесі негізгі аңдық стильдегі басты атрибуттардың бірі болғандығын дәлелдейді [14, с.106; 46, с.185].

Б.э.д. 4 ғасырға саятын 11-ші Берел сақ қорғанында ер және әйел адамның мүрдесімен бірге 13 ат әбзелдерімен бірге жерленген. Ат әбзелдеріндегі ағаштан ойып жасалған зооморфтық әшекейлердің қатарындағы боялған қошқар басы да бар. Ағаш әшекейлер алдымен қызыл, оның үстінен ақ, оның үстінен алтынмен боялған. Бұл түстік үйлесімділіктің де культтік-магиялық мәні зор, алтын бояу күн құдайының тотемдік мәнімен байланысты [6, с.134]. Сақтардың «аң стилі» б.э. бұрынғы 7-5 ғасырларында Еуразия кеңістігі (Алтай, Сібір, Тува, Қаратеніз жағалауы, Дунай бойы, Орта Азия) жерлерінде кеңінен таралған. Иран, Алдынғы Азиядан табылған археологиялық мұралар бұл өнірде аң стилінің 3-4 жүзжылдық бұрын қалыптасқанын көрсетеді. Ежелгі өнердегі бұл стиль Еуразия тайпалары арасында жаңа мазмұнға ие болып, Еуразия сақ-сібірлік аң стилінің отанына айналды.




Сурет 8 – Қошқар басы. Ағаш, алтын жалатылған. Берел қорымы [6, с. 134].


Сырдария өзенінің орта және тәменгі ағысы бойынан табылған қошқар бейнесі салынған және қошқар мүйізі бейнеленген керамикалық бұйымдар коллекциялары қазақ жеріне қошқар күльтінің үй тұрмысындағы маңызды роль атқарғандығының айғағы. Белгілі археолог К. Байпаков қошқар бейнелі археологиялық керамикалық бұйымдар хронологиясын келесідей төрт кезеңге бөліп қарастырады: б.э - 1 ғасырынан 8 ғасырға дейін қошқардың нақты бейнесі; 8 - 12 ғасырлар аралығына қошқардың стильденген бейнесі және қошқар бейнесінің тұтқа ретіндегі көрінісі; 13 - 14 ғасырлар аралығына қошқар протомының нақты бейнесі; 15 - 18 ғасырлар қошқар мүйізінің бейнесі [9, с.32].



Сурет 9 – Қопқар. Қыш фигуralар мен ыдыс тұтқалары. 1-7ғасырлар [9, с.33].




Сурет 10 – Қопқар. Қыш фигуralар. 8-12 ғасырлар [9, с.34].



Сурет 11 – Қопқар. Қыш фигуralар. 13-14ғасырлар [9, с.34].

Тұтқасына қошқар бейнеленген құмыралар мен ыдыстар «зооморфты тұтқалы керамикалар» деп аталады. Қошқар бейнелі керамикалардың негізгі коллекциясын Отыrap мен Сырдария оазисі керамикасы құрайды [3, с. 33-38; 7, с.52-57; 31].

Сырдарияның тәменгі ағысы бойында орналасқан қаналы тайпасының Томпақ Асар қалашығының б.э.д. 1 мыңжылдыққа саятын мәдениет қабатынан қошқардың нақты бейнесі салынған қыш бұйымдар табылған. Арыс өзенінің жоғарғы ағысы бойынан табылған қазан қақпасының тұтқасының қызметін мойнын ұзын етіп құйған қошқар басының бейнесі атқарған. Археологиялық қыш ыдыстарда қошқар басының бейнесінің көптеп кездесуі байырғы тайпалардың дүниетанымы мен наным сенімінде қошқардың ырыс, молшылық символы болғандығын айғақтайды [9, с.33]. Ыдыс тұтқаларындағы қошқар, кой бейнесі – байырғы тайпалардағы молшылықтың символы.



Сурет 12 – қазан тұтқалары.


Қошқар бейнелі тұтқасы бар қыш ыдыстардың кең таралған жері Сырдарияның орта және тәменгі ағыстарының бойы. Сырдария анғарына саятын қошқар бейнелі қыш бұйымдар осы өнірдегі Жетіасар, Қауыншы, Отыrap, Қаратай мәдениеттерімен тығыз байланысты. Бұл мәдениеттер алғаш С.П. Толстов жетекшілік еткен Хорезм экспедициясы кезінде Л.М. Левинаның ерекше назарында болған. Л.М. Левина қыш бұйымдарға жасалған зерттеулер негізінде осы мәдениеттердің қалыптасуын үш кезеңге бөліп қарастырады: бірінші кезең барлық мәдениеттер үшін: б.э. I ғасырынан – б.э. 3-4 ғасырларына дейін; екінші кезеңде Қауыншы, Отыrap және Қаратай мәдениеттері 3 ғасырдың сонынан – 4 ғасырдың басынан 5 ғасырға дейін және жетіасар мәдениеті 4-7 ғасырлар; үшінші кезеңде Отыrap, Қаратай мәдениеті 6-8 ғасырлар, Қауыншы мәдениеті – 6-7 ғғ., Жетіасар мәдениеті – 7-9 ғасырлар. Бұл археологиялық мәдениеттер Сырдарияның орта және тәменгі ағысын мекен еткен ерте түркі тайпаларының ежелгі мәдениеттеріне тән. Соның бірі – тохарлар мәдениеті [31; 46, с.186].

Б.э. басында қошқар бейнесін салу өнері Орта Азияның шығыс, онтүстік және онтүстік батыс аудандарына, Еділ бойына, Кавказ өніріне, Дон жағалауына, Кубан өніріне таралған. Бұл өнірлерге зооморфты керамиканың таралуы ерте көшпелілердің қозғалысымен байланысты [31, с.230-240].

Отыrap керамикаларындағы ыдыс тұтқаларында қошқар бейнесінен басқа стильденген немесе нақты киік, тұлқі бейнелері де кездеседі [6, с.218].

Ресейлік ғалым Б.И. Вайнберг Хорезм монеталарында жиі кездесетін S таңбасын Қауыншы мәдениетіне саятын Сырдарияның орта ағысында жасалған қыш бұйымдарындағы қошқар бейнесімен байланыстырады. S таңбасы шекілген монеталар Хорезм экспедициясы кезінде де көптеп табылған, әрі бұл таңба Шығыс Еуропада кездеседі [12, с.39; 45, с.176-182]. Себебі бұл белгі ертеде қошқар мүйізінің образын атқарған (Сурет 12). Б.э. 3-4 ғасырларында Ежелгі Тұран Сыр өнірінен тайпалардың бір тобы Хорезмге қоныс аударған. Хорезм экспедициясы кезінде Жанбас қаладан қойдың металл және қыш құймалары, Тесік қаладағы қыш қошқар фигурасы, Қанат қала керамикаларындағы қошқармұйіз оюлары ерте тайпалардың этномәдени байланысынан туындаған [45, с.89, таблицы; 44, с.278-279].

Хорезм өнірінің Кердері қыш құмыраларының, Отыrap оазисі мен Сырдарияның тәменгі ағысы бойындағы қыш бұйымдардың ортақ ұқсастықтары көп. Б.э. бас кезінде саятын Арыс зооморфты бейнелері кейін 7-9 ғасырларда Солтүстік Казказда кездескен. Ғалымдар бұл мәдени мұраны алан тайпасының Сырдың орта ағысы бойынан Кавказға қоныс аударуымен байланыстырады [12, с.39-40].



Сурет 12 – қошқар басы ретінде салынған S, ʌ түріндегі таңбалар мен фигуralар [9, с.33].

Зооморфты бейнелерді тұрмыста қолдану мәдениетін қаңлылардан кенгерестер (печенегтер), одан оғыздар мұра еткен. Оғыздар Сырдария және Қаратай аңғарында орналасып, Жанкент, Жент, Баршынкент, Сауран, Сұткент, Сығанак, Қарнак, Қарачук, Исфиджаб қалаларын дамытты. Оғыз тайпасының көне мұрасы қошқар басты қыш пештің аузы бұл күнде сақталған бірегей ескерткіш. Қос қошқардың өн бойына қанатты қошқар мүйіз оюы салынған [1, с.129-132; Сурет 13].

Нан пісіретін пеш аузына қошқар бейнесінің салыныуы өзбек, қарақалпақтар халықтарының көне мәдениет ескерткіштерінде кездеседі [41, с.115-116].



Сурет 13 – Қошқар басты пеш аузы. Жанкент қаласынан табылған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеттік музейі

Қошқар бейнелі қыш бұйымдар қарлұқтар кезеңінде Жетісу өніріне тараптады. Жетісу өніріндегі Талхир ортағасырылғы қаласынан табылған күйдірілген қыштан құйылған қошқар басы ерекше назар аудартатын ескерткіштердің бірі. Зерттеуші ғалымдар қарлұқ тайпасының қалалары мен қоныстарынан табылған зооморфты образдарды қаңлы мәдениетінің жалғасы деп таниды [11, с.153-154; 6, с.199; Сурет 14].



Сурет 14 - Қошқар. Қыш фигура. Талхир қаласы. 11-12 ғасырлар.

Оғыз мемлекеті қыпшақтардың қысымымен 11 ғасырда ыдырағанымен, 13-14 ғасырларда Отырар, Сығанак, Сауран, Жент, Ясы қалалары қайта өркендей, Сырдария аңғарында ірі сауда және мәдени орталыққа айналады. Соңдықтан көзешілік (қыш-құмыра) өнеріндегі қой, қошқардың нақты бейнесін салу дәстүрі одан әрі өркендей түсті.

Жан-жануарлар, үй малдары әлемімен байланысты архайкалық діндердің көп элементтері зороастризм, шаманизм, тотемизммен сакральданып, кейіннен ислам дініне кірігіп, ұрпақтан-ұрпаққа берілген. Сырдария аңғарындағы сактардың бұйымдарындағы, ерте қаңылардың қыш бұйымдарындағы, монеталардағы жануарлар, әсіресе қошқар бейнесі, олардың дүниетанымында «тұмар» қызметін атқарды. Оғыздар арасында «қошқар күлті» тайпа қорғаушысы ретінде танылды. Ерте қаңылардан бастап, ортағасырлық көзешілер тотемдік «қошқар» бейнесін жасау үрдісін қазақ және басқа түркі халқына мұра етті [1, с.137-138; 13, с.106; 9, с.44-45].

### Қойтастар мен қошқартастар

Қазақ жерінде қабір үстінен қойылған қойтас, қошқартастардың этимологиясы қой, қошқардың тастан жасалған мұсіні мен пошымының қой мұсініне ұқсас болуымен байланысты. Қойтас, қошқартастардың айрықша үлгілері Арал-Каспий аралығында кеңінен таралған. Ескерткіштанушы мамандардың анықтауынша бұл ескерткіштердің әсіресе кең қанат жайған уақыты 13 – 14 ғасырлардағы Бозашыдағы «салор кезеңіне» сәйды. Салор кезеңі деп 13 – 14 ғасырларда оғыз-турікмен тайпаларының елеулі қоныс аударуларын айтады, ол «салор жосқыны» деген атпен де белгілі [43, с.101; 8, с. 7].

Қабір тас ретінде тұрғызылған қойтас, қошқартастар қазақ халқының сөндік қолданбалы өнеріндегі тас қашау өнерінің бірегей үлгілері. Манғыстау қошқартастары жергілікті құйрықты қойлардың тасқа қашалған бейнесі. Тұғырына көгеріс, геометриялық бейнелер мен қатар қару-жарак, жылқы, таңбалардың рельефтік бейнесі салынған (Сурет 15-20).



Сурет 15 – Қойтас. Доңызтау. Көкей қорымы. 19 ғасырдың ортасы [8, с. 55].



Сурет 16 – Қойтас. Ақпюра қорымы [39, с.377].




Сурет 17 – Қошқартас. Бозапцы, Ақпініңрау елді мекені. 13-14 ғасырлар [8, с. 55].



Сурет 18 – Қошқартас. Құрық қорымы [39, с.376].



Сурет 19 – Қошқартас. Бейнеу қорымы [39, с.376].



Сурет 20 – Қошқартастар. Масат Ата қорымы [39, с.377].

Қошқартастардың семантикалық түп тамыры ертедегі сак, қаңлы, сармат тайпаларының символдарымен, ата-баба күлтімен, табиғат мінажатымен, өсіп өркендеу идеясымен, мифтік дүниетанымымен тығыз байланысты. Қошқартастар батырдың, жауынгердің, әulet иесінің, отағасының қабірінің үстіне, оның бұл дүниедегі атқарған қызыметіне мәнгі тағым ретінде қойылған. Қошқартас – ер адамның әлеуметтік орнының жоғары болғандығын, оның қүшінің көп болғандығын мәнгі еске түсіріп тұратын мүсін ғана емес, марқұмның о дүниелік қорғаны және тұмары [39, с.374; 4, с.195]. Оғыздар мәдениетіне тән қабір тас ролін атқарған қошқартас орта және кейінгі ортағасырдық қошқартастардың прототипі деуге болады (Сурет 21).



Сурет 21 – Жанкенттен табылған қошқартас. а) қырынан қараганда; ә) мойынданан қараганда. Қорқыт Ата мемориалдық кешені қорынан. Қызылорда обл, Қармақшы ауданы.



Сурет 22 – Қошқар басты темірден соғылған Situla Tunc. Биік қорған. 8 ғасырдың соны. Түркия, Анкара, Гордион музейі.

Түркиядагы биік қорғаннан табылған 8 ғасырдың сонына саятын Situla Tunc қошқар басын нақты бейнелеген бірегей ескерткіш (Сурет 22).

Қойтастар мен қошқартастардың стильдендірілген, мұсінделіп стильдендірілген екі түрі негізінен Сағыз өзенінің онтүстік аудандарында кездеседі. Бұл өнірде қошқартасқа қарағанда қойтастардың бейнесі басым. Жергілікті жерде қошқартастарды *арқартас* деп те атайды, бұл әрине кей қошқардың мүйізінің бүралып, арқар мүйізіне ұқсан тұруымен байланысты, әрі мүйізді жануарлар арасында арқар, таутеке күльттері ертеде кең тараған [8, с.13]. Бейіт басына қойтас, қошқартас орнату Арап, Каспий аймағын мекен еткен түркі тілдес халықтардың, яғни түрікмен, әзербайжан, күрділер, дағыстандықтар, т.б. халықтар арасында да кездеседі.

Тас мұсін жасауды кәсіп еткен шебер иелері ертеде бәдізші, кейін тасшы деп аталып, олар өз білімдерін ұрпақтарына, көмекшілеріне үйреткен (Сурет 23).



Сурет 23 – Манғыстаулық тасшы шеберлер [8, с.60].

Қазақ жеріндегі қойтас, қошқартастардың тарихи-мәдени және рухани ақпарат беруі жөнінен бірегей халық мұралары деуге болады. Бұғынгі таңда олар тас қашау өнерінің және сәулет ескерткіштерінің бірегей үлгісі ретінде мемлекеттік қорғауға алынған. Қойтас, қошқартастардың қорғалуы ескерткіштерді қорғау ісінде өзекті мәселелердің қатарында қойылыш отыр. Қойтас, қошқартастардың негізгі деңі шоғырланған қазақ жерінің батыс аймағы қазіргі мұнай, газ қарқынды өндіріліп жатырған экономикалық аймак, бұл ахуалдың тарихи ескерткіштерге нұскан келтірілмеуі мемлекет назарында. Осы өнірді мекен еткен кезінде көшпелі және жартылай көшпелі мал

шаруашылығын көсіп еткен ата-бабаларымыздың сәулет өнеріндегі бірегей мұралары қазақ халқының ғана емес, Ежелгі Тұран жерін мекен еткен халықтар үшін баға жетпес мұра болып табылады.

### **Қой, қошқарға қатысты нағым-сенімдер жүйесі**

Қазақтар дүниетанымында төрт тұліктің қамқоршы пірлері бар: жылқы – Қамбар ата немесе Жылқышы ата, түйенің пірі – Ойсыл қара, ірі қараның пірі – Зенгі баба, қойдың пірі – Шопан Ата, ешкі пірі – Шекшек Ата. Олар төрт малдың пірлері ғана емес, адамдардың да серігі. Самарқанд жанында Шопан ата кесенесі сақталған. Манғыстауда Шопан ата жер асты мешіті, Шопан ата корымы бар. Ел арасында тараған аңыз бойынша Шопан ата Қожа Ахмет Ясаудің шәкірті болған. Бірде Ахмед Ясаудің шәкірттерін сынамақ болып, шәкірттерін бір киіз үйге жинап, асатаяғын шаңырақтан лактырады да: «Асатаяқты кім бірінші тауып алады, оны сол иемденеді», - деген. Шопан ата атанған шәкірті асатаяқты ұзақ іздел жүріп Манғыстаудан табады. Кейін сол жердегі қорым Шопан ата атымен аталағы. Тағы бір аныздың желісінде Мұса атты жігіт құдықтың аузындағы тас қақпақты көтере алмай жатқан екі қызды кездестіреді. Мұса қыздарға көмектесіп, құдықтан су тартып, қыздардың қойларын суараады. Қыздар Мұсаны үйлеріне шақырып әкесімен таныстырады. Әкесі соқыр болған. Ол Мұсаны өзіне қойшы етіп үйіне қалдырады. 9 жыл өткен соң Мұса кеткісі келеді. Сонда шал 1 жылға қалса, алдағы жылы туылған ақ қозының бәрін Мұсаға беретінін айтады. Алдағы жылы барлық қозы ақ болып туылады. Шал Мұсаға тағы бір жыл қалсанған, алдағы жылы ала болып туылған қозының бәрін беретінін айтады. Алдағы жылы қойдың бәрі ала қозы туады. Осылайша екі жылғы төлдің бәрі Мұсанің болған. Сосын шал Мұсаны кіші қызына үйлендірген, әрі қой отарын толығымен Мұсаға беріп, оны Шопан ата деп атайды.

Қазақ халқы төрт тұліктің теңеуін «*түйе – байлық, жылқы – сәндік, сиыр – ақтық, ешкі – жеңілдік, қой – мырзалақ*», - деп түсіндіреді. Қазақ халқының фольклорлық мұрасында сақталған қой мен қойшының айтыс өлеңі қой күльтінің табиғатпен байланысының тағы бір айғағы [19].

Қазақтардың қой шаруашылығына қатысты атқаратын ритуалдық шаралары қазіргі уақытқа еш өзгеріссіз жетсе, кейбірі қолданыстан шығып қалған. Бұрын қазақтар қойлар беймезгіл, яғни қыста қозылап қоймас үшін қошқардың атальғына күйек (киіз немесе тери қал) байлагап қойған. Күйекті әйелдер байлаған. Саулық қойлар күзде күйлейтін уақытын, әрі қойлар наурызда қозыласын деп есептеп қошқардан күйекті қазан-қараша айларында шешкен. Күйектерін алғанда ырымдап, бәйбішеге немесе беделді көп бала тапқан әйелге қошқардың басын ұстасып қояды. Қошқар басын ұстасаған әйел дамбалын төмен сыйрып жіберіп қайта киген. Бұл ырым қойлар тез күйлесін, қозыласын және ұрғашыласын (ұрғашы қозылар көп тапсын) деген ниетпен жасалады. Қой отарының иесі қошқардың аузын ашып «*қозыларың тарыдаи көп болсын*» деген ниетпен бір уыс тары салған, «*сідігің алтын болсын, сурген қойларың тоқтап биқадік болсын*», - деп қошқарға бата тілеген. Бұл ұрығың мол болсын, қойлардың бәрі буаз болсын деген мағына береді. Содан кейін қошқарды саулық қойларға аралатып қоя береді. Қойлардың наурызда қозылауын «*тол түсті*» дейді [20, 171 б.].

Қошқарды қойларға салғаннан кейін отар иесінің әйелі ауыл әйелдеріне тәттілерімен ритуалдық шәй берген. Бұл дәстүр *шашыратқы* деп аталып, ол қойларымыз егізден қозыласын, төл мол болсын деген ниетпен жасалған. Қазіргі уақытта «*шашыратқы*» жасау ғұрпы қолданыстан шығып қалған. Қазақ жерінің Сыр өнірінде қойға күйек байлау дәстүрі 1980-жылдарға дейін жалғасқан. Қазіргі уақытта күйек байлау дәстүрі бұзылып, қойлар қыста қозылайтын болғандықтан, қыста қозыларды шаруашылық үйге әкеліп аяғын ширатып алады немесе арнайы кесектен өрілген жылы қорады ұстайды.

Қазақтар сыйлы қонаққа қой басын тартады. Қазақтардың бас тарту дәстүрінде аймақтық ерекшеліктер бар. Сыр өнірінде қонақ күткенде қадірлі адамға сойылған қойдың басын мәндайынан төрт құбыламыз тен болсын деп, қасқалдақтап тартады. Қасқалдақтау – қойдың басын піскен соң мәндайынан крест түрінде тіліп жол ашу ырымы (АӘМ). Оғыздардың қыш қойтасының мойын тұсындағы төрт құбылам тен болсын деп салынған символ кейін бұл өнірде қасқалдақтауға ауысқан секілді (Сурет 21).

Сырдың төменгі ағысы бойындағы Қазалы, Арал өнірінде қазақтар қонаққа бас тартқанда он жақ құлағын кесіп алғып қалып оны өз балаларының кішісіне береді де, қонаққа он құлақсыз тартады. Бұл ырысым, несібем өз үйімде, өз босағамда қалсын деген ниеттен туындаған. Он құлақтың орнын жілік толтырады. Яғни бастың қасына жамбас сияқты кәделі жілік қосады. Сырдың орта және төменгі ағысы

қазақтары қай малдың басы болмасын тісін қағып алып тастап барып асады. Бұл жерде тісі қағылмаған басты асу «арам» болып саналады. Сырдың дәстүрлі қазақтары басқа өнірге барғанда тісі қағылмаған бас тартса жемейді. Ал, Жетісу, Шығыс, Монголия қазақтары мал басының тісін қақпай асады. Шығыс қазақтары бастың тісін қақпауды бас тартылған қонақ тісіне қарап, малдың жасын аңғарады, – деп түсіндіреді (АЭМ).


Бас тартылған адам әуелі бастан өзі ауыз тиеді. «Құлағың сақ болсын» деп, құлағын сол баласына немесе келініне береді. Көзін «көзімдей бол» деп жақын тартқан адамына, тандайын сөзге шебер деген адамға немесе дәм татып отырған үйдің қызы, келініне ұсынады. Құйқасын кесіп жағалай үлестіреді. Қазақта басты әкесі тірі адам ұстамайды деген ырым бар. Бұл үлкенде сыйлау әдебін көрсетеді, әкең тұрғанда әкенден үлкенсініп бас ұстая әдепсіздікті танытады. Бұл дәстүр қазір де жалғасын тауып отыр.

Сыр өнірінің Арап, Қазалы, Қарақұм аймақтарының қазақтарының наным сеніміндегі тағы бір ерекшелігі Құрбан айтта қойды құрбандыққа шалғанда малдың оң сирағынан үй иесі ұстаған, оның білек қарынан әйелі, әйелінен соң бала-шағалары, келіндері қаз-қатар тұрып бір-бірін жалғастыра ұстаған. Үй иесі «балаларым қайда жүрсе де аман болсын, бізді сүйреп жүрсін», – деп бата тілеген. Малдың мойнынан шыққан қанды мал бауыздаған адам, тізіліп тұрған бала-шағалардың маңдайына жағып жіберген. Олар қанды кеуіп, қабыршақтанғанша жумаған. Бұл ритуал аталған өнірдің ауылдарында әлі күнге дейін сақталып қалған. Ал үй иесі ұстаған оң сиракты киіз үйдің жел бауына байлап үш күнге дейін іліп қойған. Оны айттың үшінші күні пайдаланған (АЭМ). Бұларды қазақ даласының басқа өнірінде кездеспейтін ерекше ритуалдық дәстүр деуге болады.


Қазактар арасында үй малдары мен жан-жануарлардың сүйектерімен байланысты наным-сенімдер жүйесі қалыптасқан. Киіз үйдің шағырағына, мал қорага, түйенің мойнына ілінген кәрі жілік мал отарын қасқыр мен ұрылардан қорғаған. Наным-сенімнің осы жүйесі Сырдария, Устірт, маңыстау қазақтары арасында кең таралған.

Кәрі жілікті тісті тигізбей, яғни етін қолмен алып жейді. Қой қолының қарында болатын кәрі жіліктің қамишысы, құрығы, ілдіргісі болады. Қазанға ет салғанда алдымен кәрі жілікті салады, бұл малдың бар етін кәрі жілік ұстап тұрады деген сенімнен туындаған. Кәрі жілікті оң жакта отырған қызға қүйеуге шықпай отырып қаласың деп жегізбеген. Буряттар мен түрікмендер арасында кәрі жілікті бөтен, жат адамға ұсынған. Қазақтарда кәрі жілікті негізінен қариялар мен жасы ұлғайған кісілер мүжіген, мүжіп болған соң, мал-жан аман болсын деп босағаға, малды ұрылардан сақтасын деген сеніммен үйге, қораға іліп қойған. Қазақ жерінің батысында үй босағасына кәрі жілікпен қоса оқылған тұмар, қасқырдың тісін, бүркіттің тырнағын, бұлактас деп аталағын ортасы тесік тастарды, дағдан ағашының шыбығын қоса іліп қою кездеседі. Бұл жын періден, тіл көзден сақтайды деген сенімнен туындаған. Сондай-ақ ботаның мойнына, жүйрік жылқыға ерттелген ертүрманның алдынғы қасына іліп қою тараған (АЭМ; Сурет 24-25).

Халық арасында тараған аныз желісінде бір байдың малына барыма жасағысы келген ұрылар мал отарының айналасында жүрген карулы адамдарды көріп кездеген малды ұрлай алмайды. Ұрылар мал отары иесінің не малшылары, не ұлы мен қызы жоғын естіп, малдың иесіне қонаққа келеді. Мал иесі бір қойды сойып қонағасы береді. Ұрылар өздерінің кім екенін мойындаپ, «неше күн торысақ та малынызды ұрлай алмадық, малынды карулы адамдар құзеткенін көрдік, шын мәнінде ешкім малды құзетпейді екен, сенің не құдышетің бар», - дейді. Сонда малдың иесі, әкем өлерде: «көй сойғанда кәрі жілікті тастама, оны есікке, шаңыраққа іл, сонда малына қасқыр да, ұры да жоламайды», - деп маған есінет айтты. Ұрылар шаңыраққа қадаған кәрі жіліктерді қарап, қанша кәрі жілік көрсө, сонша ұрына мал отарынан көргенін айтқан [13, с.63].



Сурет 24 – а) тұмар ретіндеңі кәрі жілік [23с. 130]; ә) ботаның мойнына көз тимес үшін тағылған кәрі жілік [29, 22 б.].




Сурет 25 – а) Оқылған тұмар тағылған босағага ілінген кәрі жілік, Сыр өңірі, Араг; ә) Бұлактастар қоса ілінген кәрі жілік. Батыс Қазақстан (АЭМ).

Кәрі жілікті әулие орындардан да жиі кездестіруге болады. Себебі, әулиелі орындарға тәу етіп барушылар дертінен жазылуға шипа іздейді, бұл кәрі жіліктің магиялық қасиеті бар деп сенумен байланысты (Сурет 26).



Сурет 26 – а) Манғыстаудағы Шопан ата жерасты мемлітіне ілінген кәрі жілік; ә) Сыр өніріндегі Қожан қожа әулие шырақшысы үйіндегі кәрі жілік (АЭМ).

Ертеде адыраспанды қой терісіне орап үйге іліп қойған [23, с.130]. 1848 жылы қазақ қазақ даласында болып, Арал экспедициясы материалдарын жинақтаумен айналысқан поляк зерттеушісі Бронислав Залесский әулие ағаш, киелі ағаштардың бұтақтарына байладап кеткен қой терісінің қындыларының көп кездесетінін жазған [22, 69 б; Сурет 27]. Қазіргі кезде әулие ағаштардың басына қой терісі қындысының ілу сақталмағанымен, мата қындысының ілу көнінен кездеседі.



Сурет 27 – Адыраспан салып ілінген қой терісі [23, с.130].

Орта Азия және қазақ халқының дүниетанымында қой терісінің де тотемдік маңызы жоғары. Үйге жана келін келіп түскенде үй иесі «қой жүніндей жұмсақ болсын» деп қой терісіне отырғызады. Бұл дәстүр өзбектер мен қарақалпақтар арасында да кездеседі [41, с.85]. Қой римляндар арасында неке мен отбасы қамқоршысы саналып, жас жұбайлардың құдайға арнап құрбан шалған қой терісіне отырғызған, сондай-ақ словян халықтары арасында ертеде жастарды қой немесе аң терісіне отырғызған. Ал, ұндылар арасында жастардың бұқа терісіне, буряттарда жылқы немесе аң терісіне отырғызған [42, с.30].

Қой, ешкі сияқты ұсақ малды бауыздаған кезде жауырынының басындағы шеміршегін кесіп алып,

жылы күйінде кіре беріс есіктің үстінгі жағына сыртқы қабырғасына ұрып жапсырады және оны өзі қурап түскенше ешкім өздігінен түсірмейді, бұл атым жүйрік болсын және үйге келген адам ақ кекірегімен, адалдығымен келсін деген мағынаны білдіреді (АЭМ; Сурет 28).



Сурет 28 – Қабыргага жапсырылған қой жауырынының шеміршегі (АЭМ).

Қазақ жеріне келген саяхатшылардың жазып алуы бойынша ертеде қыз ұзату тойында жас жұбайларға арнап отау үй тігілген. Күйеу жігіт киіз үйді тұрғызған әйелдерге арнап қой немесе бір тайды отаужабар, мойынтастар сыйлық дайындаған. Отау үйге жастар мен жеңгелер жиналған соң «мойынтастар» ритуалдық рәсімі жасалған. Күйеу жігіт пен қалыңдық қой етінен дәм тартқан соң, жеңгелердің бірі қойдың мұжілген мойын омыртқасын ақ матаға орап, күйеу жігітке береді. Күйеу жігіт төмен қарап отырып, бұл сүйекті киіз үйдің шаңырағынан сыртқа лактыруы туіс, бұл үйдің түтіні тұзу шықсын, оты сөнбесін деген ырымды білдіреді [35]. Қазақтар «түтіні тұзу шықсын» деп үйде тек жақсылық, аманшылық болсын дегенді айтады. Күйеуі қайтыс болған әйелдің басқа күйеуге шықпай отыруын да «шаңырағының түтінін тұзу шығарып отыр» дейді.

Қазақтар әйел босанғанда қалжаласын деп (жас ет жеп, сорпасын ішу) қой сояды, қалжаға сойылған қойдың мойын етін әйелге мұжітіп, мойын омыртқасын 40 күнге дейін іліп қойған. Қазақ жерінің шығысында мойын сүйегін тастамай сақтау ішінара кездеседі.

Қыз ұзату тойында асылған еттен қойдың ортан жілігін қыз шешесі помбарқыт шүбереккө орап, оны мүше тартуға береді. Мүше тарту ойынына, көкпарға түскен сияқты атының ептілігін, жүйріктігін сынағысы келген жігіттер қатысады. Сүйекті қолына ұстап үлгірген жігіт қаша жөнеледі, қалғандары оның артынан қуады. Осылайша сүйек бірнеше рет қолдан қолға өтеді [35].

Қазақтар күйеуге шыққан қызы тәркіндеп келгенде қойдың құйымшағы, ал күйеу жігіт кайын жүртіна келгенде қойдың төсі тартылады. Төс ең майлы сүйек болса, құйымшақ дәмді сүйек, ритуалдық ас ретінде өмірлерін мәнді, молшылықта болсын деген мақсатта тартылған. Қойдың құйрығы мен бауыры да ритуалдық ас. Құдалар бір-біріне деген құдалық сертін құйрық-бауыр асаумен бекіткен.

Қой, ешкі төлдерін және қойларды уақытша байлайтын бұршақты керме арқан «көген», ал төлдің басын кіргізетін түйнегі «бүриақ» деп аталады. Қегеннің бұршағы жас төлге қатысты қолданылатын бұйым ғана емес, өркендереп, өсу идеясына қатысты магиялық сипат, ритуалдық мәні бұйым болып табылады. Қазақтар жас жұбайларға бата бергенде «көгендерің бүриақты болсын» дейді. Бұл бала шағаң, көп болсын деген бата сөз. Бала көтермей жүрген әйелдер қөген бұршағын мойнына салып бала тілеген. Босанатын әйел тұа алмай қиналса, арқанға асылу мен қатар қөгенге асылған. Бұл қой мен ешкінің тез көбеюімен байланысты.

Қазақтар қой төлдеп болған уақытта «көген майлау, көген той ғұрыптық шаралар өткізген. Қөген тартқан адам туыс туғандарын, ауыл адамдарын қөгенбасына шақырып, ырымдап қөген мен оның қазығына май жаққан. Жиналған қариялар «көгенің ұзын болсын, толдерің көп

болсын» деп бата берген. Май жағу қозы, лақтар өсіп тез көбейіп, ырыс берекеден айырмасын деген мағынада жасалған. Ең жақынының баласына немесе жиенге (қыздан туылған бала) ырымдап бір төлді сыйға тартқан, ол *көгендік* немесе *көгентүп* деп аталған [29, 153 б.].

Ертеде қазақ жерінің шығыс өнірінде туылған ер баланың кіндігін кескенде кіндікті қошқардың мүйізіне «малжанды болсын» (малы көп болсын) деп ырымдап байлап жіберген. Кей отбасы кіндікті қой асығымен бірге үй жанына көмген (АЭМ).

Койдың, қозының жауырынақарап бал ашқан, болашакты болжаган. Бал ашу үшін құрбандыққа шалған қара қойдың жауырынан алып, оны тіс тигізбей жеген. Жауырынмен бал ашу өзбек, қарақалпақ, түрікмендер арасында кездеседі [41, с.115-116].

Киіз басқан кезде білектеген уақытта киіз домалап кетсе «*қой басты, қой басты*» дейді. Бұнда киізді, яғни жұнді қой деп тұспалдау, молшылықтың болуына нышандалған. Қойдың күзгі жұнін кырқу науқанынан соң үй иесі «*күзем шай*» береді.

Қой қырқып, жұн сабап, киіз басқан кезде жел тұрып, жұнді ұшырмас үшін «*кемпірдің жасағын байлау*» ырымы жасалады. Ол үшін бір бала екі тал шиді немесе өсіп тұрған шиді жұн жіппен байлап, кемпірдің жағын байлайды деп айқайлады. Киіз басу кезінде тегіс тебілуі үшін оралған шидің ортасынан арқанмен байлап, арқан ұшын өзіне тартып тұратын адамды *қойбастар* деп атайды. Бұл атаяу киіздің қой жұнінен басылатымен байланысты [29, 559 б.].

Қой, қошқар деген сөздің өзінің ерекше магиялық құші болған. Қазақ және түркі халыққа балаға ат бергенде жақсылыққа ырымдаған, белгілі бір мақсат көздеген. Қойлыбай, Қошқарбай, Қозы көрпеш, Қозыбай деп ат қойғанда баланың молшылыққа өмір сурғенін қалаған.

Ораза айында қазақтар жарапазан айтқанда:

«*Қошқанның атасы*

«*Қошқар бассын үйінде*

нemесе

«*Жарапазан айта келдім есігіңе*

«*Қошқардай қос ұл берсін бесігіңе*

«*Қошқардай қос ұл берсе бесігіңе*

«*Кім келіп, кім кетпейді есігіңе*», - деген (АЭМ). Ұл балаға шаңырақтың иесі деп қазақ халқы «*қошқардай*» деп теңеу айтқан. Жырдағы «*Кім келіп, кім кетпейді есігіңе*» деген жолдардың мағынасы мағынасы ұлың болса үйінен қонақ арылмайды, қонақ құтпен тең дегенді білдіреді.

Сыр қазақтары осы күні де мал отарын кесіп өтпейді, Қызыр ата отармен қатар жүреді, деп сенеді (Сурет 29).



Сурет 29 – Қой отары (АЭМ).

Қырғыздарда үйлену кезінде ойналатын ойынның бірі *садага чапкан* деп аталып, яғни күйеу жігіт пен қалыңдықты қатар отырғызып, бастарын жауалықпен жауып, бастарына ақырын, жаңа сойылған, тері сыйдырылған қозы немесе лақпен ұрады, ритуал аяқталған соң күйеу жігіт пен қалыңдық отау үйге қарай жүгіреді, кім бірінші жетсе, отбасын сол билейді деп болжайды [40, с.153]. Бұл ритуал да қозы, лақша тез көбейіндер деген сеніммен байланысты.

Неміс зерттеушісі Р. Карутц қазақтардың белгілі адамдардың басына қошқар мүйізін

қоятындығын жазған [23, с.122]. Қошқар мүйізінің әулие басына қойылатын реликтік ролі зор болған. Ал, тау-тасы бар өнірде, яғни арқар мекен ететін өнірлерде арқардың мүйізі маңызды роль атқарған. Сырдың орта ағысы тұсындағы тайпалар арқарды Қарататудың батыс қыраттарынан атып алған. И. Кастанье берген сызба, фотоларда Қармақшы жеріндегі Шекенияз, Жанақорғандағы Сұнақ Ата кесенелерінің қас бетінде арқардың бас сүйегі және қошқар мүйізі қойылған [24; 25, с.11; Сурет 30]. Қазіргі таңда бейіт басына қошқар басын қою кездеспейді, бірақ Шиелі, Жанақорған аудандарындағы қорымдардағы атақты адамдар бейітіне арқардың бас сүйегін қою сакталған. Арқар мүйізі тек әулие әмбиселердің басына ғана қойылған, әрі бұл атақты әулиелерге арнап шалған құрбандықтың белгісі ғана емес, мүйізді жануар басын қабір басына койған архайкалық ғұрыптың болғанын айғақтайды. Кесенелерге, бейіттердегі «қой, қошқар, арқар күлтттері» Сыр өнірінде мекен еткен байырғы тайпалардың діни дұнистанымының жалғасы деуге болады.



Сурет 30 – Әулие басына қойылған арқар, қошқар мүйіздері: а) Шекенияз кесенесі [24, с.47, табл. XVI]; ә) Сұнақ Ата кесенесі [24, с.53-54, табл. XXI]; б, в) Шиелі ауданы, Еңбекші ауылы. Тарактыйлар қорымы (АЭМ).

Ертеде өзбектер мен қарақалпактар қошқар мүйізін тұмар ретінде үйдің кіре берісіне ілген, әйелдер мен қыздардың бас киімін қошқар мүйізін бейнелейтін ағаш пластиналармен безендірген, қошқар мүйізі бейнесіндегі қеуде әшекейлері де кездеседі [41, с.115-116].

Қазақтардың наным-сенімдер жүйесі төрт түлік малмен тығыз байланысты, амандақанда «мал-жсан аман ба?» деп сұраған. Малдың басы бұзылмасын деген ниетпен әлі күнге дейін қазақылық сакталған өнірлерде тотемдік мәні бар мал және жан-жануар сүйектерін қорага, шарбаққа іліп қою, сақтап қою кездеседі (АЭМ).

#### **Қошқар және құрбандық**


Халық арасында тараған көне аңыздың желісі бойынша жылқы – желден, түйе – сортаннан, ірі қара – судан, тау текелер – тастан жаралса, қой көк аспан мен оттан жаралған [36, с.152-153]. Қойдың құрбандық малы ретіндегі сақральдық мәні Көк тәнірі, көк аспан мен адамзат баласының арасындағы байланыстыруышы әрекетімен байланысты.

Қазақтардың табигат күштеріне деген наным-сенімдерінен байырғы көне мифтік, анимистік сенімнің барын табиғаттан келетін апатқа қарсы, құрғакшылық болмасын деп қойды құрбандыққа шалып, садақа таратып «*тасаттық*» (құдайы тамақ) берулерінен байқауға болады. Құрбандыққа шалған қойдың басын егістікке сырыққа іліп, қанын егіс алқабына шашу ырымы және құрбандық малын егіске су баратын арық басына әкеліп шалып, қанын суга ағызы ырымы егінді құрғакшылықтан сақтау мақсатында жасалады (Сурет 31). Тасаттық көктемде беріледі. «*Тасаттық*» малдың жейтін шәбі шүйгін болуы үшін, мал семіз болу үшін де беріледі.



Сурет 31 – Тасаттық үшін құрбаныққа шалынған қой басы [29].

Діни мифология бойынша қой Меккеден шыққан. Қой отарына топалаң деген індет жайлап қырыла бастағанда қырылған қойдың басын Меккеге қаратып көмген. Отар үй иесі жақын туысынан сау қойды әкеліп құрбан шалып, қанын басқа қойларға жағып, басын сырыққа іліп қойған (Сурет 32), мал отарын бейіт басына апарып түнеткен. Осылайша отарға келген індетпен магиялық шаралар арқылы құррескен.



Сурет 32 – Қой отарын індеттен құтқару үшін ілінген құрбандық қой басы [29, 558 б.]

«Корқыт Ата кітабындағы» «Дерсе хан ұлы Бұқашхан туралы жырда» Дерсе хан бала тіліп аттан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойдырып құрбандық шалған, аш көрсө тойдырған, жалаңаш көрсө киіндірген, борыштыны борышынан құтқарған, той жасап тілек тілеген, тілегі қабыл болып, Оғлан атты ұл дүниеге келген. Ертеде оғыздар ұлын 15 жасқа толғанда құс салып, аң аулауға алып шыққан. Алғашқы аңшылығы деп шешесі аттан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойып той жасаған, бұл аңшылыққа жол ашуға ырымдалған [30, 131-132 б.].

Құрбандық шалып, тілек тілеу ұрпактан ұрпаққа берілген ғұрып. Бала тілеген қазақ әйелдері әулие басына барып, қойдан құрбандық шалған, түнеп жатып тілек тілеген. «Алпамыс батыр» жырында Алпамыстың шешесі Алпамыстай батыр ұл табудың алдында киелі тау, су, орманға түнеп жүріп, айғыр, қошқарды құрбандыққа сойып, құдайдан бала тілеген. «Шора батыр» жырында да нар, айғыр, өгіз, қошқардан құрбан шалып жаратқаннан ұл тілеген.

Әулие басына, киелі орынға барып тәу ету, түнеу, әулиеден жәрдем сұрау қазақтардың дүниетанымында ежелден бар. Ол байырғы анимизм мен тәнірліктің сарқыншағы, яғни байырғы политеизмнің монотеизмге өтпелі дәуірінің сарқыншағы ретінде күні бүгінге дейін сақталған. Қазақ халқының байырғы тәнірлік дүниетанымынң кейбір белгілері ислам дініне кірігіп, жана дүниетанымдық ұстанымдармен бірге араласып, әулие ұғымының мазмұны да уақыт өткен сайын толыға түсken. Анимизм тіршілік иелерінің о дүиелік өмірлерінің бар екендігі сену және олармен адамның қарым-қатынас жасау мүмкіндігі туралы түсінік. Яғни адамдардың жанға сеніп, рухтарды қадірлеуі, өлімді өмірдің о дүниедегі жалғасы деп ұтынуы. Байырғы діни ұғымда құрбандық малын, оның сүйегін о дүиелік серігі ретінде қоса жерлесе, кейінгі діни дүниетанымда құрбандық арқылы сакральды байланыс орнайды.

Құрбандық қойларының түсі де магиялық маңыздарға ие. Көне заманғы нағым-сенімге негізделген құрбандық шалу ғұрпының бозқасқа, көкқасқа, қызылқасқа мал шалу деген үш түрі бар. Мұндағы бозқасқа қой, көкқасқа жылқы, қызылқасқа сиyrға қатысты түстер. Ертедегі қазақтар құрбандық шалғанда өте сирек кездесетін ақсары бас немесе боз қасқа түстісін союға ерекше мән берген. Боз қасқа атау Тәнірге тілекті тез жеткізеді деп түсінген. Боз, көк түстер протоқазақтар сиынған Тәнірінің, Қектің символына теңелетін қасиетті түс санаған. Құрбандық қойының түсінің ақ, ақжолак, басында ақ нышанның болуын жақсылыққа балаған. Жақсылыққа бағыштап құрбандық мал атауды «ақсарбас» (ақ+сары+бас) атау дейді. Алыс сапарға кеткен адамның аман-есен оралуы үшін құрбандыққа атаған қойды метафоралық образын «А, құдай он жолына баста, жолына ақсарбас атадым» деген. Байырғы қазақтар арасында ақсарбас шалғанда «О әруақ, саған аймүйіздің арнадым» деп айту кездескен [13, с.56; 4, с.187].

Сыр қазақтары бала ауруы созылған жағдайда ауру қойдың қанына көшеді деген сеніммен әкесі қара қойды құрбандыққа шалып «осы мал менің баламның жолында құрбан» деп айтады. Бұдан байқайтынымыз, қазақтар «дерт көшіру» ғұрпын бақсылардың қатысуының да орындаған. Осы тұста құрбандыққа кара қойдың шалынуы назар аудартады. «Қорқыт Ата кітабындағы» «Дерсе хан ұлы Бұқашхан туралы жырда» Баяндыр хан той жасағанда Дерсе ханды ұл-қызы жоқ деп астына қара киізді төсеп, қара қойдың етін тартады [30, 130 б.].

Құрбандық түстерінің сақральды мәні болған. Көне түркі тілінде ақ, қара сөздері түсті ғана білдіріп қоймай, белгілі бір мағынаға ие болған. Ақ түс ашықтықтың, бақыт пен қуаныш түсі. Мысалы, «көнілі ақ» десе жанының тазалығын білдіреді, шөптің сапасына қарай «ақ от», «аузы аққа тиді» дейді. Сары сөзі түркі-монгол тілінде сары «анық», «ашық», «айқын», көне иран тіліндегі сар «басты», «негізгі», түркі тіліндегі сар «кен», «жапан» деген мағынаны білдірссе, қазіргі қазақ тіліндегі сары сөзі «кен», «улкен», «көлемді» мағынасын білдіреді. Көніл-күйдің түсүін «көнілім қара», жанылуды «қара басты», қайғыға түсіні «қара жамылып отырмын» десе, адамға қатысты қара сөзі «карасы көрінді», «қалың қара», «қорған болған қара орманым» дейді. Қорқыт Ата Бұқашқа бата бергенде «Қара тауың жығылмасын» деген екен [30, 133 б.]. Яғни ақ, ақсары қой қуанышты жағдайға, қара қой көніл күпті болғанда құрбандыққа шалынады.

### Халықтық медициналық білімдер жүйесіндегі қойдың маңызы

Жана туылған нәрестені қыркынан шығарғанша сылап-сипағанда қой құйрығының «кунтимес» деп аталатын ішкі жағының майын шылжғырып, қуырып алып сылаған. Қойдың құйрық майын күйдіріп сұық тиген адамға ішкізді, қойдың күйдірілген майын әсіресе сұықтап ауырған балаларды емдеуге кеңінен қолданады.

Бұланудың ертедегі қазақтар арасында ең кең тараған түрі — *теріге тусу*. Бұл мал шаруашылығының басым дамығандығы, малдың көптігімен байланысты, әрі мұның көп әбігері жоқ. Мұндай мақсатқа қой, ешкі терісі бүтіндей сипарылып, оның ішіне науқас адам отырған қалпы сыйып кетеді екен. Жылы теріге түсken адам терлең, тіпті ұйықтап кеткен. Теріге түсіні күн аралатып, екі рет қайталаған, себебі жас тері науқасты қатты терлетіп, қалжыратып тастайды екен. А.Башманов теріге түсі оғыз тайпалары арасында кеңінен қолданылғандығын жазған [10]. Оғыз тайпасының ежелгі мекені Сырдың төмөнгі ағысы өнірі екенін ескерсек «тері бұлау» Сыр халықтарының арасындағы көне байырғы емдік шара деп білеміз.

М.А.Лялина 1894 жылғы жазбасынан емші-тәуіппердің ауруларды қалай емдеп, жазғандығы туралы бірқатар мәлімет алуға болады. Онда «көкжетел, қалтырау, ыстығы көтерілу күріш өсіруді кесіп еткен жерде көп кездеседі» — деген. Әрине бұл жерде автордың Сыр бойын айтып

отыргандығында талас жоқ. «Жергілікті емшілер көкжөтелге шөп сыйындылары мен тұнбасын ішкізеді. Бұл ем көмектеспесе жаңа сойылған жылқының жылы терісіне орайды. Теріні жіңі ауыстыруға тырысады. Ал, бұл көмектеспеген жағдайда Құдайға құрбандыққа ақ қой шалып, сояр алдында қойды жетектеп, ауру адамды үш рет айналдырып «міне саған жанға – жан, ауруға өмір бер», – деп айтады» [32, с.102]. Яғни, көкжөтелге жоғарыда айтылған тері бұлау жасайды. Автордың «теріні бірнеше рет ауыстырады», – деген дерегі көніл аудартады. Бұл біріншіден, теріге түсіру үшін арнағы бірнеше мал сою емге шипа іздеген халықтың «бұлаудан» жазылуға үміт артуы. Екіншіден, ауруға арнап бірнеше мал сойылмаса да, қонаққа, азыққа сойылған мал терісін емдікке жаратқан деп ойлаймыз.

Сыр өнірінде аты шыққан Әләйдар тәуіп сүйкі мен шашуды емдеу үшін бүтін қой терісіне жылы кезінде сарыбұға, бозбұға деген шөптегі салып, науқасты қой терісінің ішіне отырғызып, теріні мойнынан буған. Шешекпен ауырған баланы емдеу үшін қара қойды құрбандыққа шалып, соның терісіне орап емдеген. Теріге ораудың басты мақсаты терлестіп, денедегі түрлі инфекцияларды шығару (АЭМ). Қазақстанның шығыс өнірінде аты шыққан бақсы Мауытқанұлы Арынғазы ыстық суға бұқтырылған түрлі дәрілік шөптегі бүтін сойылған қой терісіне сеуіп, бала көтермей жүрген әйелді отырғызған. Іш майын әйелдің астына және ішіне тартқан. Тер шығару үшін қайта-қайта сорпа беріп отырган. Әйел бойындағы кесел мен зиянкес теріге көшкен. Ем сеансы біткен соң теріні ауыл сыртына апарып көмген [42, с.30].

Құян (буын ауруы) және қырна (іштің сүйктан бүріп ауыруы) ауруын емдеу үшін қолданылған бұлаудың көне түрін Ә.Диваев жазып алған. Ол үшін әр түрлі маддардың сүйектерін (кой сүйегі де бар) жинап алып, оларды бір шұңқырға салады да, науқасты сол жерге жатқызып, үстін қой терісімен жабады. Ауырған жеріне ыстық палауды басып, қыздырады, науқас терлеп ұйықтап кеткен. ...Қырна ауруын емдеу үшін ошақтан ыстық күлді алып, қыш шәйнектің ішіне салып, орамалмен орап, аурудың ішіне басқан немесе қара ешкіні сойып, өкпесін, жүргімен сүрып алып, жылайлай науқастың жаланаш денесіне ұзақ уақыт бойы ұрғылаған, науқас терлеп сауыға бастаған [17].

П.И.Пашинно Қазалы уезі қазактары арасында жаңа сойылған қой терісіне орану, ауырған жерге қойдың ішкі мүшелерін басып, оранып жату көң тарағандығын жазған [34, с.26]. П.И.Пашинионың теріге түсудің Қазалы қазактары арасында көң тарағандығын көрсетуі, А.Башмановтың деректерін нақтылауға негіз болады. Қазалы байыргы оғыздар мекені. Жанкент, Жент қалалары Сыр өнірінің Қазалы аймағында орналасқан.

Сыр өніріндегі сақталған бұлау әдісінің тағы бір ерекше түрі – қарынға тусу. Бұл әдісті бала көтере алмай жүрген әйелдерді емдеу үшін қолданған. Ол үшін жаңа сойылған қойдың қарнына ыстық күйінде әйелдің екі аяғын салғызып, үстінен көрпе немесе шапанмен бүркеп тастанап терлестеді. Әрине тер шығару үшін қосымша ыстық шәй берген. Халық емшілігіндегі акушерлік білімнің ерекшелігін көрсететін бұлаудың бұл түрлери бертін келе қолданыстан шығып қалған (АЭМ).

Қазақ бақсылары науқасты емдегендегі белгілі бір уақытта емдік шара нәтиже бермеген жағдайда дерт көшіру ғұрпын орындаған. Есі ауыскан немесе жын ұрған науқастың кесслін көшіру үшін бақсы ауруды алып, айнала жүгіртеді, ауруды қоршап “ху, ху, Алла-ху!” – деп қатты айқайлайды. Осы ем-дом үш күннен бір айға дейін созылады. Емдеу тәсілінен аурудың жағдайы сәл жақсарса, қойдан құрбан шалған. Сойылған қой терісіне сүйектерді жинап салады. Сүйек салынған теріні алып, ауруды ертіп, екі жолдың түйіскен торабына немесе ашық далаға алып келіп, ауруды ұшықтайды. Кей бақсылар сойылған малдың бас сүйегін алып оны қара, қызыл түстерге бояған. Сүйекті аурудың астынан өткізіп лақтырып жібереді, осы кезде аурудың ішінде отырган қасқунем рухтар әлгі бас сүйектек ұмтылып, кеміре бастаған сәтін пайдаланып, бақсы ауруды алып қашады [27, с.790]. Ал, қазақ жерінің батысында бақсы дерт көшірілген боялған сүйектер салынған теріні бақсы өзінен батысқа қарай лақтырған [33, с.577].

Бақсылардың ауруды көшірүнің тағы бір әдісін И.Кастанье көрсеткен. Ол үшін басында орайы бар сары ешкіні немесе орайы бар қара қойды сойып, етінен сүйегін айырып, сүйекті жиып теріге орайды да, етін асып, “Құдай жолына” деп ел-жүртқа таратады. Бақсы мен ауру адам бұл еттен жемейді. Бақсы теріге оралған сүйектерді алып, науқасты ертіп, үлкен жолдың бойына алып барады. Жол бойында бақсы жерді шұқырлап қазып, сол жерге ауруды жатқызып, әрлі-берлі үш рет қозғайды. Тері мен сүйектерді сол жерге калдырып, өзі ауруды алып үйіне қайтады. И. Кастаньенің айтудың ауруды көшіру ғұрыптарының белгілеріне Н.Остроумов та күэ болған.

Перовск қаласынан өте берістегі жолдың торабында құмды тәбелердің арасында жатқан заттарды байқап, карауды үйгараады. Жолсерік жігіт бұл заттарға жақындаамауға, тіпті қарамауға кенес беріп, бұл заттарға дерт көшірілгенін айтады. Жолсеріктің бұлай тиым салуы Н.Остроумовтың қызығушылығын арттыра түседі. Н.Остроумов жерден жеті құыршақ пен қой терісінің жатқанын көреді және жеті құыршақ жеті зиянкесті білдіретіндігін айтқан [26, с.152-153].

Ертеде казактар сібір жарасын түсекен бойында сезсе, шегені немесе темірді қыздырып, жарага басып күйдіріп тастаған. Өткізіп алған жағдайда, қатерлі кеселдерді емдеу үшін бақсы қойдың кептірілген қырық құмалағын алып, ауруға қарсы отырады да, терен дем алып қолындағы құмактардың біреуін ауруға лақтырады. Арбау сарынын айта отырып, қырық құмалақ таусылғанша біртіндеп лақтырады [18, с.33]. Құмалақты алып жатқанда «ей, өзіңнен өзгеге ем бол», – деп алады. Кіндігі шығып кеткен баланың кіндігіне қойдың немесе түйенің де құмалағын әкеп басқан.

### Қошқармұйіз және ұлттық нақыш

Қазақ халқының ұғымында қошқармұйіз оюы барлық өрнектің атасы және молшылықтың, байлықтың белгісі деп қабылданады. Қошқар мүйіз оюы өзінің мазмұн, бітіміне қарай «қанатты қошқармұйіз», «сынық қошқармұйіз», «сынар қошқармұйіз» сияқты көптеген түрлерге белінеді. Қошқармұйіз ою-өрнектерінің тұрмыстағы қолданыстық заттардан, қолөнер бұйымдарынан, кілем, тоқыма бұйымдарынан көрініс табуы көне реликтердің сақральданған үлгісі.

Археолог ғалымдардың бір тобы қошқармұйіз оюын қошқар, қой бейнелерінің зооморфтың оюға айналған бейнесі десе, бір тобы адам бейнесін салудан қалыптастанған дейді. Ортағасырлық Отырар қаласынан табылған қоладан құйылған шырағдан түбіндегі қошқармұйіз оюы қола дәүіріндегі петроглифтердегі адам бейнесі мен сақтардың алтын құймасындағы адам бейнесіне ұқсайды. Сырдың төменгі ағысында орналасқан Кескен күйік қала, Күйік қаладан б.э. 5-7 ғасырларына саятын, Жанкенттен табылған 9-11 ғасырларға саятын керамикаларда қошқар мүйіз оюының бірнеше түрі кездеседі [43, с.66-68; 44, с.210; 46, с.199].



Сурет 33 – а) адам бейнелі (антропоморфты) қапсырма; ә) тұлғамұйіз салынған қола құйылған шырағдан тұғыры. Ортағасырлық Отырар қаласы. 11-12 ғғ. [6, с.218]; б) Кесе қап. Тұлғамұйіз. Қызылорда облысы, Шиелі. І.Жақаев атындағы күріш тарихы музей қорынан.

Қошқармұйіз оюы барлық қолөнер бұйымдарында кездеседі. Сонымен қатар, өсіп-өнудің, ұрпақ жалғастырудың нышаны ретінде ұлкен магиялық ғұрыптық мәнге ие. Қошқармұйіз оюы түркі тілдес түрік, қыргыз, түрікмен, өзербайжан халықтары арасында кең тараған. Қошқармұйіздің сынармұйіз, сынықмұйіз түрлері мүйіздің бір сынарына ұқсас, ол әдетте кілем, киіз жиегіне (суы), шатыргұл, патнос, түр қолтығына салынады. Қанатты қошқармұйіз, қос қошқармұйіз оюларында мүйіз бұралып бітеді, күрделі болғандықтан, кілем, текемет, сырмактарға салынады. Қошқармұйіздің тұлғамұйіз деп аталатын адам түр тұлғасын бейнелейтін антроморфты өрнек түрі және төртқұлақ деп аталатын дүниенің төрт бұрышына қаратып салынған түрі де кілем, текеметтерге салынады. Қөптеген тоқыма бұйымдарына тұмар қошқармұйіз оюымен бірге тайтұяқ оюы салынады.

О дүниелік марқұм басына қойылатын ескерткіш құлпытас пен бестастарда қашалған қошқармұйіз оюының жіңінен кездесуі, артында қалған ұрпақтың ата-баба күлтіне табынуы, ата-баба аруағынан медет тұтып, есен-аман тіршілік етуіне жәрдем сұраумен байланысты.

Мысырдағы мәмлүктер билгін 1260 жылы беріш руынан шыққан сұлтан Бейбарыс алғаны тарихтан белгілі. Бейбарыс қайтыс болған соң 1279 жылы шеркеш руынан шыққан Қалауын сұлтан билікке келеді. Ол кезінде Бейбарыс салдыртқан эл-Азһар мешітінің қақпасын қошқармұйіз оюмен безендіреді, осылайша өзінің тубі бір түркі екенін паш етеді. Қошқармұйіз тепе-тендікті де білдіреді, себебі қошқардың жаратылысынан екі мүйізі тең, қазақ жеріндегі байырғы тұргындар бұл оюды табиғаттан алғаны анық.

Қанатты қошқармұйіз оюды арқармұйіз деп атау да кездеседі. Қазіргі кездегі қолданыстағы қошқармұйіз оюларының барлық түрі көне дәуірлерден еш өзгеріссіз жеткен.



Сурет 34 – а) Құлпыстағы антроморфты қошқармұйіз оюлары; ә) құлпыстағы күн бейнесін қоршай салынған қошқармұйіз [39, с.374, - 379].



Сурет 35 – Бестастағы қошқармұйіз оюлары [8, с. 55].



Сурет 36 – Сырмақ.



Сурет 37 – Шашақты басқұр фрагменті 7 қошқармуйіз және сиңық қошқармуйіз.



Сурет 38 – Түкті кілем фрагменті: а) түмар қошқармуйіз және тайтуяқ, ә) тұлғамуйіз

### Қорытынды

Археологиялық ескерткіштердегі қой, қошқар бейнелері олардың ббайырғы тұрғындар өмірінде символдық роль атқарғандығының айғағы. Қазақ халқының дүниетанымындағы қой, қошқар күлті ғасырлар бойына сабактасып, ұлттық ерекшеліктерін байытып, айшықтандыра тұсті. Дәстүрлі қазақ қоғамында халыққа жайлы болған заманды «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деген. Қазақ халқы қой малын төрт түліктің бірі ретінде танып қана қоймай, әдет ғұрыптық жүйесінен пайдаланып, ертеден келе жатқан магиялық, символикалық мағынасына ерекше мән берген. Бақсылар мен емшілер қойға дерт көшіру арқылы адам жанын аурудан арашалап алған, қойды құрбан шалу арқылы қауіп-қатердің алдын алған. Исламға дейін құрбандық малы жылқы болса, ислам келгеннен кейін құрбандық малының образы аспаннан түсken көк қошқар бейнесіне ұласқан.

Қазақ халқы үшін осы күнге дейін қой құрбандық ролін ғана атқарып қоймай, қабыргасы сәндік-қолданбалы өнер туындыларында, оның жауырыны, көрі жілігі, мойын омыртқасы, бас сүйегі, жүнінің қасиеттері тілеулестік ниеттегі магиялық роль атқарып келеді. Қой негізгі күнкөріс, табыс көзі болды. Қойдың жабағы жүнін сатылымға шығарған, күзем жүнін тұрмыстық шаруашылыққа, киіз басуга, тоқымашылыққа пайдаланған. Қой, қошқар құн есебінде де жүрген. Қазақтың әдет-ғұрыптық құқығында ер адамның құны 1000 қой, эйел адамның құны 500 қойға бағаланған. Қой мен қошқар қалындыққа төленетін қалың мал есебінде де енген. «Қорқыт Ата кітабында» «Бамсы Бөрік әңгімесінің баянында» Дели Қашқар қарындасты Бану Шешекке қалың малдың басқа бөліктерімен бірге саулық көрмеген 1000 қошқар сұраған. Қазақтар арасында осы күні де қызды ұзату тойында күйеу жігіттің ата-анасы қалың малдан бөлек, «өлі-тірігे», яғни әруақтар құрметіне деп 1 қой апарады. Қызы босанғанда қыздың ата-анасы қалжасы деп 1 қой береді. Қой ақша есебіндегі айырбас құралы болған. Қөшпелі қазақтар көпестерден ұнатқан заттарын қой терісіне, жүніне айырбастап алған. Қазақта «қойсыз үйдің құны жоқ, қызызыз үйдің сәні жоқ» деген мақал бар.

Ежелгі қөшпелілердің космогониялық концепциясы бойынша қошқар, арқар жоғарғы әлем мен адамның тіршілік кеңістігін жалғастырып тұратын дәнекер (медиатор) функциясын атқарған. Петроглифтердегі күн мен қошқар, арқар бейнелерінің қатар салынған мотифтері тіпті оны күннің өзімен теңестірілгенін айғақтайды. Қошқар образының құт пен өркендеу идеясы, құт пен өркендеу символы ретінде қазақ халқының дүниетанымында берік орныққан. Бұл өте ертеден қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғастып келе жатырған дәстүрмен байланысты. Қошқармуйіз оғының Қазақстанның Мемлекеттік туына салынуының өзі, қошқармуйіздің қазақ халқының ұлттық брендісі екендігін айғақтайды.

### ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. Ашхабад: Ылым, 1969. 295 с.

[2] Ақиев К., Ақиев А. Происхождение и семантика Иссыкского головного убора. В книге: Археологические

- исследования древнего и средневекового Казахстана. Алматы: Гылым. 14-31. **1980.** (ин Русс).
- [3] Акипов К., Байпаков К., Ерзакович Л.Б. Древний Оттар. Алматы: Гылым. **1972.**
- [4] Аргынбаев Х. Народные обичаи и поверья казахов, связанные со скотоводством. В книге: Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. Москва: Наука. **1975.** С.194-205.
- [5] Археологическая открытия 2007 года. Москва: Литрес. **2014.**
- [6] Археология Казахстана. Алматы: Онер. **2006.**
- [7] Ахинжанов С.М. Из истории движения кочевых племен авразийских степей в первой половине XI века. В книге: Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. Алма-Ата: Наука, **1980.** С. 46-53. (203 с.).
- [8] Әжіғали С.Е. Крател елінің асыл мұрасы: көшпенди Арап-Каспий өңірінің тарихы мен мәдениеті туралы. Алматы: TimasPrinthause, **2006.** 64 б.
- [9] Байпаков К.М. Культ барана у сырдаринских племен. В книге: Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. Алма-Ата: Наука, **1980.** С. 32-45. (208 с.)
- [10] Башманов А. Первообытная история турецко-монгольских племен. Туркестанские ведомости. **1914.** №49. 2 марта. С. 4-5.
- [11] Бернштам А.Н. Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алая. Материалы и исследования по археологии СССР. Вып 26. **1952.**
- [12] Вайнберг Б.И. Монеты древнего Хорезма. Москва: Наука. **1977.**
- [13] Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, **1985.** 458 с.
- [14] Вишневская О.А. Культура сакских племен низовьев Сырдарьи в VII-V вв. до н.э. по материалам Уйгара. М.: Наука, **1973.** 160 с.
- [15] Грязнов М.П. Первый Пазырыкский курган. Москва. Рипол Классик. **2013.** (ин Русс).
- [16] Гумилев Л. Соседи хазар. Москва. Литрес. **2004.**
- [17] Диваев А. Волшебный заговор против укуса ядовитых насекомых и пресмыкающихся. Туркестанские ведомости. **1893.** №7. 27 января. С. 32-33.
- [18] Диваев А. Киргизские болезни и способы их лечения. Туркестанские ведомости. 1902. №80. С.482., **1903.** №43. С.263.
- [19] Диваев А. Пастухи. Туркестанские ведомости. **1905.** №4. С.14.
- [20] Диваев Э. Тарту. Құрастырыған Ф. Оразаева. Алматы: Ана тілі, **1992.** 256 б.
- [21] Завитухин М.П. Курганный могильник Сростки 2 на Алтае. Сообщение Государственного Эрмитажа. Вып 27. Санкт-Петербург. **1963.**
- [22] Залесский Б. Қазақ сахараасына саяхат. Алматы: «Онер» баспасы, **1991.** 132 б.
- [23] Карупт Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Пер с нем. Е.Петри. СПб.: Издание А.Ф.Девриева, **1910.** 188 с.
- [24] Кастанье И. А. Надгробные сооружения киргизских степей. Оренбург: Типография Тургайского Областного управления, **1911.** 102 с.
- [25] Кастанье И. Из области киргизских верований. Вестник Оренбургского Учебного Округа. **1912.** №1. 3. С. 71-93; **1913.** №4. С.112-124; №5. С.149-166; 201-218.; №6, С.187-196.
- [26] Кастанье И. Поездка по Тургайской и Сыр-Дарынской областям. 1906 – 1907 г. Вдоль Ташкентской железной дороги. Оренбург. Типография Г.М. Мильберг, **1909.** 67 с.
- [27] Комаров П. Поверия киргизов. Туркестанские ведомости. **1905.** №150. С. 790.
- [28] Краткое сообщение о докладах и полевых исследованиях Института истории материальной культуры. 5 вып. Москва. Издательство АН СССР. **2007.**
- [29] Қазақтың этнографиялық категориялар, ұтымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 3 том. Алматы, **2012.** 736 б.
- [30] «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», **1999.** 799 б.
- [31] Левина Л.М. Керамика нижней и средней Сырдарьи в I тысячелетии н.э. М.: Наука, **1971.** 251 с.
- [32] Лялина М.А. Путешествие по Туркестану Н.Северцова и А.Федченко. СПб., Издание А.Ф. Девриева, **1894.** 268 с.
- [33] Паллас П.С. Путешествия по разным провинциям Российской империи. Ч.1. Путешествие 1768-1769 гг. СПб.: Тип. Имп. АН, **1773.** 657 с.; Ч.2. 1770 г. 476 с.; Ч.3. Вторая половина 1772-1773 годов. **1788.** 480 с.
- [34] Паппио П.И. Туркестанский край в 1866 году. Путевые заметки. СПб.: **1868.** 179 с.
- [35] Полтарацкая Л. Обычаи киргизов Семипалатинской области. Русский вестник. **1878.** №9. С. 22-69.
- [36] Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Вып II. Материалы этнографические. Санкт-Петербург. **1881.**
- [37] Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия. События. Приключения. Алматы: Гылым, **1993.** 248 с.
- [38] Сала Ренато, Деомом Жан-Марк. Наскальные изображение Южного Казахстана. Алматы: Геоархеология, **2005.**
- [39] Самашев З., Кушербаев К., Аманшаев Е., Астафьев А. Сокровища Устюрта и Мангыстау. Алматы, **2007.** 400 с.
- [40] Симаков Г.Н. Общественные функции киргизских народных развлечений в конце XIX – начале XX в. Ленинград: Наука, **1984.**
- [41] Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. Москва. **1969.**
- [42] Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – нач. XX вв.). Алма-Ата: Гылым, **1991.** 214 с.
- [43] Толстов С.П. Города гузов. Советская этнография. **1947.** №3. С. 55-102.
- [44] Толстов С.П. Древний Хорезм. Опыт историко-археологического исследования. М.: Издание МГУ, **1948.** 351 с.
- [45] Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М.: Издательство Восточной литературы, **1962.** 322 с.

- [46] Толстов С.П. По следам древнекорезмской цивилизации. М.: Издательство Академии Наук СССР, 1948. 328 с.  
[47] Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. Материалы и исследования по археологии СССР. Вып 88. Москва-Ленинград. Издательство АН СССР. 1960.  
АЭМ – авторлардың экспедициялық материалдарынан.

## REFERENCES

- [1] Agadzhany S.G. Ocherki istorii oguzov i turkmen Srednei Azii IX-XIII vv. Ashhabad: Ylym. 1969. (in Russ).  
[2] Akishev K., Akishev A. Proishozhdenie i semantika Issykskogo golovnogo ubora. V knige: Arheologicheskie issledovaniya drevnego i srednevekovogo Kazahstana. Almaty: Gylym. 14-31. 1980. (in Russ).  
[3] Akishev K. Baipakov K. Erzakovich L.B. Drevniy Otar. Almaty: Gylym. 1972. (in Russ).  
[4] Argynbaev H. Narodnye objachai i pover'ja kazahov, svjazannye so skotovodstvom. V knige: Hoziaistvenno-kul'turnye tradicii narodov Srednei Azii i Kazahstana. Moskva: Nauka. 1975. S.194-205. (in Russ).  
[5] Arheologicheskaya otkrytiya 2007 goda. Moskva: Litres. 2014. (in Russ).  
[6] Arheologiya Kazahstana. Almaty: Oner. 2006. (in Russ).  
[7] Ahinhanov S.M. Iz istorii dvizheniya kochevykh plemen avraziiskikh stepei v pervoi polovine XI veka. V knige: Arheologicheskie issledovaniya drevnego i srednevekovogo Kazakhstana. Almaty: Gylym. 1980. (in Russ).  
[8] Azhigali S. Kratel elinin asyl murasy: koshpendi Aral-Kaspii onirinin tarihy men madenieti turaly. Almaty: TimasPrinthause. 2006. (in Kaz).  
[9] Baipakov K. Kul't barana u syrdar'inskikh plemen. V knige: Arheologicheskie issledovaniya drevnego i srednevekovogo Kazahstana. Almaty: Gylym. 1980. (in Russ).  
[10] Bashmanov A. Pervobytnaja istorija turecko-mongol'skikh plemen. Turkestanskiye vedomosti. 1914. №49. C.4-5. (in Russ).  
[11] Bernshtam A.N. Istoriko-arheologicheskie ocherki Central'nogo Tiyan'-Shaniya i Pamiro-Alaya. Materialy i issledovaniya po arheologii SSSR. Vyp 26. 1952. (in Russ).  
[12] Vaiunberg, B.I. Monety drevnego Horezma. Moskva: Nauka. 1977. (in Russ).  
[13] Valihanov Sh. Sobraniye sochineniy v pyati tomah. Volume 4. Almaty: Glavnaya redaksiya Kazahskoy sovetskoy ensiklopediyi. 1985. (in Russ).  
[14] Vishnevskaya O.A. Kul'tura sakskikh plemen nizov'ev Syrdar'i v VII-V vv. do n. e. po materialam Uigaraka. Moskva: Nauka. 1973. (in Russ).  
[15] Griaznov M.P. Pervyi Pazyrykskii kurgan. Moskva. Ripol Klassik. 2013. (in Russ).  
[16] Gumilev L. Sosedniy hazar. Moskva. Litres. 2004. (in Russ).  
[17] Divayev A. Kirgizskie bolezni i sposoby ikh lecheniya. Turkestanskiye vedomosti. 1902. №80. S.482; 1903. №43. S.263. (in Russ).  
[18] Divayev A. Volshebnyi zagovor protiv ukusa yadovithih nasekomih i presmikaushihysa. Turkestanskiye vedomosti 1893. №7. S.32-33. (in Russ).  
[19] Divayev A. Pastuli. Turkestanskiye vedomosti. 1905. №4. S.14.  
[20] Divayev A. Tartu. Almaty: Ana tili. 1992. (in Russ).  
[21] Zavituhin M.P. Kurgannyi mogil'nik Srostki 2 na Altai. Soobshchenie Gosudarstvennogo Jermitazha. Vyp 27. Sankt-Peterburg. 1963. (in Russ).  
[22] Zalesskii B. Kazak saharasina sayahat. Almaty: Oner. 1991. (in Kaz; in Russ).  
[23] Karuts R. Sredi kirgizov i turkmenov na Mangishlake. Translated from german by E.Petri. Sankt-Peterburg: Edition A.F.Devrieva. 1910. (in Russ).  
[24] Kastaniye I. A. Nadgrobnye sooruzhenija kirgizskikh stepei. Orenburg: Tipografija Turgajskogo Oblastnogo upravleniya. 1911. (in Russ).  
[25] Kastaniye I. A. Poezdka po Turgaiskoi i Syr-Dar'inskoi oblasti. 1906 – 1907 g. Vdol' Tashkentskoi zheleznoi dorogi. Orenburg. Tipografiya G.M. Mil'berg. 1909. (in Russ).  
[26] Kastaniye I. A. Iz oblasti kirgizskikh verovaniyi. Vestnik Orenburskogo Uchebnogo Okruga. 1912. №1, 3. S.71-93; 1913. №4. S.112-124; №5. S.149-166; S.201-218; №6. S.187-196. (in Russ).  
[27] Komarov P. Poveriya kirgizov. Turkestanskiye vedomosti. 1905. №150. S.790. (in Russ).  
[28] Kratkoe soobshcheniya o dokladah i polevyyh issledovaniyah Instituta istorii material'noi kul'tury. 5 vyp. Moskva. Izdatel'stvo Akademii Nauk SSSR. 2007. (in Russ).  
[29] Kazaktyn etnografiyalyk kategorijalar, ugymdar men ataularyny destyrli zhuiiesi. 3 tom. Almaty, 2012. 736 b. (in Kaz).  
[30] Korkyt Ata enciklopedialuk zhinak. Almaty: Kazak enciklopediasy. 1999. (in Kaz; in Russ).  
[31] Levina L.M. Keramika nizhnei i srednei Syrdar'i v I tysiacheletii n.e. M.: Nauka. 1971. (in Russ).  
[32] Lialina M.A. Puteshestviye po Turkestanu N.Severcova i A.Fed-chenko. SPb., Izdatie A.F. Devrieva. 1894. (in Russ).  
[33] Pallas P.S. Puteshestviye po raznim provintsiyam Rossiskoy imperiyi. P.1. Putishestviye 1768-1769 y.y. Translation of O. Tomsky. Sankt-Peterburg: Tipog. Imp. A.Sc. 1773. (in Russ).  
[34] Pashino P. Turkestanskii krai v 1866 godu. Putebie zametki. Sankt-Piterburg.  
[35] Poltaraskaya L. Obychai kirgizov Semipalatinskoi oblasti. Russkii vestnik. 1878. №9. S.22-69. (in Russ).  
[36] Potanin G.N. Ocherki Severo-Zapadnoi Mongolii. Vyp II. Materialy jetnograficheskie. Sankt-Peterburg. 1881. (in Russ).  
[37] Puteshestviya v vostochnye strany Plano Karpini i Gil'oma de Rubruk. Almaty: Gylym. 1993. (in Russ).  
[38] Sala R., Deomom J-M. Naskalniye izobrazjeniya Yezhnogo Kazakhstana. Almaty: Geoarkheologiya. 2005. (in Russ).  
[39] Samashev Z., Kusherbaev K., Amanshaev E. Astaf'ev A. Sokrovishha Ustiurta i Mankystau. Almaty: Arheologiya.

- 2007.** (in Russ).  
[40] Simakov G.N. Obshhestvennye funktsii kirgizskikh narodnyh razvlechenii v konce 19 – nachale 20 v. Leningrad: Nauka.
- 1984.** (in Russ).  
[41] Snesarev G.P. Relikty domusul'manskikh verovanij i obrjadov u uzbekov Horezma. Moskva. **1969.** (in Russ).
- [42] Toleubaev A. Relikty doislamskikh verovanii v semeinoi obriadnosti kazahov (XIX – nach. XX vv.) Almaty: Gylym.
- 1991.** (in Russ).  
[43] Tolstov S. P. Goroda guzov. Sovetskaya etnografiya. Moskva. **1947.** №3. S.55-102. (in Russ).
- [44] Tolstov S.P. Po sledam drevnehorezomskoi civilizacii. Moskva. Izdatelstvo Akademii Nauk SSSR. **1948.** (in Russ).
- [45] Tolstov S. P. Drevniy Horezm. Opyt istoriko-arheologicheskogo issledovanija.M.: Izdanie MGU. **1948a.** (in Russ).
- [46] Tolstov S.P. Po drevnim del'tam Oksa i Jaksarta. M.: Izdatel'stvo Vostochnoi literatury. **1962.** (in Russ).
- [47] Chernikov S.S. Vostochnyj Kazahstan v jepohu bronzy. Materialy i issledovanija po arheologii SSSR. Vyp 88. Moskva-Leningrad. Izdatel'stvo ANSSSR. **1960.** (in Russ).
- AEM – avtordyn ekspediciyalyk materialdarynan.

**Культ барана и овцы в традиционном мировоззрении и веровании казахов  
(по материалам археологии и этнографии)**  
Картаева Т.Е.<sup>1</sup>, Оралбай Е.<sup>2</sup>

[kartaeva07@mail.ru](mailto:kartaeva07@mail.ru), [oralbai79@mail.ru](mailto:oralbai79@mail.ru)

КазНУ им. аль-Фараби. Казахстан, г.Алматы

**Ключевые слова.** Культ барана, мировоззрение, тотем животного, орнамент в виде рога (кошкормүйіз).

**Абстракт.** Культ барана и овцы играет важную роль в жизни и мировоззрениях казахов и у многих тюркских племен, как тотемного животного. Многочисленные скульптурные изображения барана из камня древних казахских надгробных памятниках (кыйтас, кошкартас) и глиняные предметы с элементами баранов, найденные в археологических раскопках и изображения баранов в наскальных рисунках (петроглифов) свидетельствуют о его древних корнях, о его связи с древними религиями. В керамических кувшинах и кружках древней культуры часто снабжены зооморфным выступом на ручке в виде головы барана. Культ, связанный с баранами являлись пережиточными моментами древних верований и были связаны с конкретными условиями жизни, традициями, хозяйствами древних племен, саков, кантоев, средневековых огузов и кипчаков. Культовым значением барана объясняется сакральная связь с идеей человеческой души, с моментами перевоплощения. Культ животных был связан с древнейшими доисламскими верованиями, обожествлявшими различные силы и явления природы и широко распространеными среди многих народов древнего Востока.

Баран у тюркских народов выступает не только в качестве жертвенного животного, но и оберега. Они используются в магическом ритуале казахов и киргизов при народном знании. Среди казахов были распространены интересные обычаи, поверья и легенды, связанные с чудодейственными свойствами некоторых костей домашних животных. В казахских зимовках, в юртах в загонах для скота, на шею верблюдов подвешивали локтевую кость (кәрі жілік) барана, которая, согласно поверью, оберегала животных от волков и воров. Такие представления до сих пор сохранились среди казахов нижнего течения Сырдарьи, Устюрга и Мангистау. С помощью овечьей лопатки предсказывали будущее. Изображения барана в виде рога (кошкормүйіз) встречаются в орнаментации в ковровых изделиях, в войлочных изделиях, вышивках, оно символизирует богатство, плодородство.

**Авторлар туралы мәлімет.**

<sup>1</sup> Картаева Тәттігүл Ерсайынқызы – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры міндетін атқарушы, тарих ғылымдарының кандидаты.

<sup>2</sup> Оралбай Ерден – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Археология, этнология және музеология кафедрасының докторанты, Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері.

Поступила 08.07.2015 г.